

Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеу нәтижелері бойынша табыстарды есептеу әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 55 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 сәуірде № 15064 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2026 жылғы 5 қаңтардағы № 2 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 05.01.2026 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 258) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеу нәтижелері бойынша табыстарды есептеу әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде қағаз және электрондық түрдегі оның көшірмелерін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялануға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасарына (Қ.К. Орынханов) жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы*

Н. Айдапкелов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2017 жылғы 31 наурыздағы
№ 55 бұйрығымен бекітілді

Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеу нәтижелері бойынша табыстарды есептеу әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеу нәтижелері бойынша табыстарды есептеу әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

2. Осы Әдістеменің мақсаты іріктемелі зерттеу қорытындылары бойынша үй шаруашылықтарының табыстарын есептеудің негізгі аспектілерін айқындау болып табылады.

3. Осы Әдістеме Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің (бұдан әрі - Комитет) қолдануына арналған.

4. Әдістемеді келесі анықтамалар пайдаланылады:

1) алименттер – бір адам оны алуға құқығы бар екінші адамға беруге міндетті болатын ақшалай немесе материалдық асырау;

2) әлеуметтік трансферттер – зейнетақылар, атаулы әлеуметтік және тұрғын үй көмегі, жәрдемақы мен шәкіртақылар;

3) жалдамалы жұмыстан түскен табыстар – жалақы, ынталандыру төлемдерінің барлық түрлері, жалақыға үстемеақылар, қаламақылар, сыйлықақылар мен жұмыс орны бойынша жұмысшылардың алатын жәрдемақылары;

4) меншіктен түскен табыс – акциялар және басқа да бағалы қағаздар бойынша дивиденділер мен ұтыстар; салымдар бойынша, қарыз түрінде берілген сомаларды пайдаланғаны үшін пайыздар; салымдар бойынша ұтыстар; тұрғын үйді, көлік құралдарын, техникаларды, жер телімдерін жалға беруден түскен табыстар; сондай-ақ ақшалай тұлғаланудағы заттай түсімдер түріндегі ранды табыстары;

5) өз бетінше жұмыспен қамтылудан түскен табыс – өз бетінше жұмыспен қамтылу негізінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіруден алынатын ақшалай және заттай нысандағы табыс;

6) үй шаруашылығы - бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан құралған экономикалық субъект;

7) үй шаруашылықтарының ақшалай табыстары – үй шаруашылығы мүшелерінің жалақы түрінде алған ақшалай қаражаттарының сомасы, кәсіпкерліктен түскен табыс, әлеуметтік төлемдер (зейнетақы, шәкіртақы, жәрдемақылар және басқа төлемдер), пайыздар, меншіктен түскен дивиденділер мен басқа да табыстар, өзге де ақшалай түсімдер;

8) халықтың тұтынуға жұмсаған табыстарына тұтыну шығыстары (өндірістік қызметке және қорланымға ақша қаражатын жұмсаусыз) және өзі өндірген өнімдердің заттай түрдегі құны (ақшалай мәндегі) мен трансферттер кіреді.

2-тарау. Үй шаруашылықтары табыстарының көрсеткіштерін есептеу түрлері

5. Халықтың тұрмыс деңгейі статистикасы үй шаруашылықтары табыстарының көрсеткіштерін есептеу келесі түрлерінен:

халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы және нақты ақшалай табыстарынан;

тұтынуға жұмсалған халықтың табыстарынан;

халықтың ақшалай табыстарынан тұрады.

6. Халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы және нақты ақшалай табыстары ұлттық шоттар жүйесінің деректерін зерттеу қорытындыларымен салғастыру арқылы макродеңгейдің деректерін пайдаланумен бағаланады және оларды есептеу алгоритмі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14350 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 214 бұйрығымен бекітілген Халықтың атаулы ақшалай табыстарын есептеу (бағалау) әдістемесінде сипатталған.

7. Халықтың тұтынуға жұмсаған табыстары тұрмыс деңгейі бойынша үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеу (бұдан әрі – іріктемелі зерттеу) қорытындылары бойынша есептеледі. Халықтың әл-ауқатының материалдық деңгейін объективті сипаттау үшін халықтың ақшалай табыстарын олардың шығыстары арқылы бағалау пайдаланылады.

Осы тәсіл, өзін өзі жұмыспен қамтудан және "көлеңкелі" экономикалық қызметтен түскен табыстарды есепке алмайтын табыс көздерінің әр алуандығын және жүзеге асырылған қызмет пен оған төлем төлеудің арасындағы уақыт үзілісіне, сондай-ақ табыстардың ақшалай нысаны ғана емес, сонымен бірге тамақ өнімдері, басқа тауарлар және халыққа ұсынылатын жеңілдіктер сияқты заттай түсімдердің барлығына байланысты табыстар туралы анық емес ақпаратқа жол бермеу мақсатында қолданылады.

8. Халықтың ақшалай табыстары үй шаруашылықтарының іріктемелі зерттеу нәтижелері бойынша есептеледі және оған жалдамалы мен өзін өзі жұмыспен қамтудан түскен табыстар, әлеуметтік трансферттер және өзге де түсімдер кіреді.

Үй шаруашылықтарына іріктемелі зерттеу жүргізу кезінде бақыланып отыратын табыстарға салық аударымын және міндетті түрдегі төлемдерді шегергендегі тұрақты түрде алынатын ақшалай эквиваленттегі барлық ақшалай және заттай түсімдер кіреді.

3-тарау. Үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеу табыстары көрсеткіштерінің агрегациясы

9. Үй шаруашылықтарының табыстары көрсеткіштерінің жалпылама мәні зерттеу барысында алынған барлық деректердің кесек массиві негізінде әрбір үй шаруашылықтары үшін анықталады. Деректерді біріктіру бірыңғай уақыт кезеңіне әкелу қағидатына негізделген және екі апталық кезеңдегі күнделіктегі жазбаларды, журналдағы жазбаларды және тоқсандағы пікіртерім парақтары көрсеткіштерін біріктірумен жүргізіледі. Апталық күнделіктегі жазбаларды тоқсандық кезеңге дейін өзгерту K_z жете есептеу коэффициентіне көрсеткіштер мәніне көбейтумен жүзеге асырылады, ол мына формула бойынша есептеледі:

$$K_z = \frac{N_k}{N_d P},$$

мұнда,

N_k – тоқсандағы күндер саны;

N_d – күнделік жүргізілген күндер саны;

P – күнделікті жүргізудің кезең саны, $P = 2$.

10. Үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеу қорытындылары бойынша халықтың табыс көрсеткіштерінің агрегациясы:

ақшалай табыстарға еңбек қызметінен түскен табыс, ағымда алынған трансферттер және өзге де ақшалай табыстар кіреді;

еңбек қызметінен түскен табыс – жалдамалы жұмыстан және өзін өзі жұмыспен қамтудан түскен табыс;

жалдамалы жұмыстан түскен табыс – еңбекақыға заттай төлемді қосқанда жалақы;

өзін өзі жұмыспен қамтудан түскен табыс – ауыл шаруашылығы өнімінен табыс және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс;

алынған ағымдағы трансферттер – мемлекеттен түскен трансферттер, жасы бойынша зейнетақылар, шәкіртақылар, атаулы әлеуметтік көмек, тұрғын үй көмегі;

мемлекеттік жәрдемақылар және әлеуметтік көмектің басқа да түрлері – балалары бар отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, арнайы мемлекеттік жәрдемақы және мемлекеттен түсетін трансферттің басқа түрлері;

басқа үй шаруашылықтарынан трансферттер – ақшалай түрдегі материалдық көмек және алименттер;

өзге де табыстар – меншіктен түскен табыс (дивиденділер, салымдар бойынша пайыздар, қаламақылар) туыстардан және таныстардан материалдық көмек, алименттер және өзге де ақшалай түсімдер.

4-тарау. Үй шаруашылықтарының табыстарын өлшеу әдістері

11. Үй шаруашылықтарының табыстарын өлшеу үшін келесі әдістер пайдаланылады:

табыстарды өлшеудің тура әдісі;

табыстарды өлшеудің жанама әдісі.

12. Үй шаруашылықтарының табыстарын өлшеудің тура әдісі үй шаруашылықтарының бюджетіне жеке статистикалық байқау жүргізуді анықтайды, үй шаруашылықтары мүшелерінің табыстары мен шығыстары, олардың тұтыну құрылымы, сондай-ақ өмір сүрудің негізгі сипаттамасы олардың объектісі болып табылады.

13. Үй шаруашылықтарының табыстарын өлшеудің жанама әдісін зерттеу үшін негіздеме ретінде салық қызметтерінің деректері (табыс туралы ақпараттар, жеке меншікте жылжымайтын мүліктің және көлік құралдарының бар болуы),

банк секторларының есептері (клиенттердің есепшоттарындағы қолда бар қаражаты), ақшалай-несиелеу статистикасы (халықтың салымдары мен жинақтары туралы деректер), жеке тауарайналымының көлемін талдау және басқалар пайдаланылады.

Табыстарды өлшеудің жанама әдісінің көмегімен тәжірибеден алынған, тәрбие деңгейімен және білімімен, сонымен қатар адамның жеке дарындылығымен ұсынылған "адам капиталы" немесе байлықты бағалау анықталады. Адам капиталының осы атрибуттары адамның физикалық және қаржылай байлығының артуына әсерін тигізеді. Адамның білімділігі деңгейінің оның материалдық әл-ауқатына елеулі әсері негізінде халықтың табыстп्राын жанама бағалау әдісімен зерттеудің объектісі ретінде респонденттер білімінің деңгейі пайдаланылады.

5-тарау. Іріктемелі зерттеулерде жоғары табысты отбасылардың есебін талдау

14. Үй шаруашылықтарының іріктемелі зерттеу қорытындылары бойынша алынған табыстар агрегатын талдау үшін жоғары табысты отбасылар табыстарының қолда барына қолжетімді көрсеткіштер бойынша жанама салыстырулар пайдаланылады. База ретінде салыстырмалы талдау үшін халық санағының соңғы қолда бар және тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарының іріктемелі зерттеу қорытындылары пайдаланылады.

Тәуелділікті анықтау үшін корреляцияның базалық ауыспалы коэффициентіне есептеу жүргізіледі:

білім деңгейі (жоғары және жоғары оқу орындаынан кейінгі);
материалдық әл-ауқаты (халықтың децильдік топтары бөлінісінде).

Салыстырмалы талдау барысында үй шаруашылықтарының білімпаздығының жоғары және төмен жағына қарай екі статистикалық байқау қорытындылары бойынша айырмашылық алған жағдайда, үй шаруашылықтарының іріктемелі зерттеу нәтижелері жергілікті жердің типі және үй шаруашылықтары табыстарының деңгейі бойынша едәуір егжей-тегжейлі жіктелімге түседі.